

Еуроны айналысқа енгізуге байланысты кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 19 қазан N 412. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1689

Қазақстан Республикасының аумағында Еуропалық Экономика және Валюта Одағы елдерінің ұлттық валюталарын еуроға ауыстыру тәртібін реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Мыналар белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының аумағында Еуропалық Экономика және Валюта Одағы елдерінің ұлттық валюталарының банкноттарын және металл ақшасын (бұдан әрі - ЕЭВО елдерінің валюталары) еуроға ауыстыру уәкілетті банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде, Еуропаның Орталық Банкінің бағамы бойынша (осы қаулының N 1 қосымшасы) жүзеге асырылады;

2) 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап банктік қызмет көрсету шарттарында көрсетілген ЕЭВО елдерінің валюталары, егер басқасы банктік қызмет көрсету шарттарына қосымша келісіммен белгіленбесе, осы қаулының N 1 қосымшасында көрсетілген бағам бойынша еуроға ауыстырылады;

3) клиенттің өтініші бойынша осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес еуроға ауыстырылған банк есепшоттарындағы қалдықтар, уәкілетті банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым белгілеген бағам бойынша басқа валютаға айырбасталуы мүмкін.

2. Уәкілетті банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде ЕЭВО елдері валюталарының банкноттарын және металл ақшасын сату жөніндегі операциялар тоқтатылсын.

3. ЕЭВО елдері валюталарының банкноттарын және металл ақшасын ауыстыруға арналған комиссиялық сыйақының ең жоғары мөлшері ауыстырылатын соманың 2 %-нен аспауы тиіс.

4. ЕЭВО елдері валюталарының банкноттарын және металл ақшасын сатып алу бағамы уәкілетті банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым белгілеген еуоны сатып алу бағамы негізінде есептелген кросс-бағамнан және осы қаулының N 1 қосымшасында көрсетілген ЕЭВО елдері валюталарының бағамынан ауытқуының ең жоғары шегі 2 %-тен аспауы тиіс.

5. Уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын уәкілетті ұйымдар ЕЭВО елдері валюталарының банкноттарын және металл ақшасын еуроға ауыстыру жөніндегі операцияларға ЕЭВО елдерінің валюталарын еуроға ауыстыру жөніндегі операциялар тізілімінің журналында (осы қаулының N 2 қосымшасы) есеп жүргізсін. Уәкілетті банктер ЕЭВО елдерінің валюталарын еуроға ауыстыру жөніндегі операциялар тізілімінің журналын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 V991010_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың N 13 қосымшасында белгіленген тәртіппен электрондық түрде жүргізуге құқылы.

6. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолдансын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және уәкілетті банктерге жіберсін.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімнен кешіктірмей осы қаулыны банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға жіберсін.

8. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

9. Осы қаулы 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 шілдесін қоса алғанға дейін қолданылады.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 19 қазандағы
N 412 қаулысына

№ 1 қосымша

ЕЭВО елдері валюталарының 1 еуроға бағамы

Австрия	- 13,7603 австрия шиллингі
Бельгия	- 40,3399 бельгия франкі
Германия	- 1,95583 неміс маркасы
Греция	- 340,750 грек драхмасы
Ирландия	- 0,787564 ирланд фунты
Испания	- 166,386 испан песеті
Италия	- 1936,27 итальян лирі
Люксембург	- 40,3399 люксембург франкі
Нидерланды	- 2,20371 голланд гульдені
Португалия	- 200,482 португал эскудосы
Финляндия	- 5,94573 фин маркасы
Франция	- 6,55957 француз франкі

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 19 қазандағы
№ 412 қаулысына
№ 2 қосымша

Журналдың бірінші беті

ЕЭВО елдерінің валюталарын еуроға ауыстыру жөніндегі операциялар
ТІЗІЛІМІНІҢ ЖУРНАЛЫ

(уәкілетті банктің/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын уәкілетті ұйымның атауы)

(айырбастау пунктiнiң тiркеу номері және мекен-жайы)

200__ жылғы " __ " _____ басталды

200__ жылғы " __ " _____ аяқталды

Журналдың ішкі беті

ЕЭВО валюталарын еуроға ауыстыру жөніндегі операциялар
ТІЗІЛІМІ

N	!	Ауыстырылуға	!	Ауыстырылуға	!	Берілген	!	Комиссиялық сыйақы
р/с	!	қабылданған	!	қабылданған	!	еуро сомасы!		мөлшері
	!	валютаның атауы	!	валютаның сомасы!		!	_____	
	!		!		!	%-пен	!	еуроға

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

жиынтығы:
(валюта түрлері
бойынша)

Кассирдің қолы _____

Бет N _____

Журналдың соңғы беті

ЕЭВО елдерінің валюталарын еуроға ауыстыру жөніндегі операциялар

тізілімінің журналында _____ парақ номерленген және тігілген.

200__ жылғы " __ " _____

Басшы _____ /қолы/ заңды тұлғаның

Бас бухгалтер _____ /қолы/ М.О.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.